



**УКУКТУК МАСЕЛЕЛЕР ЖАНА ЭЛ АРАЛЫК БАЙЛАНЫШТАР
БОЮНЧА КОМИССИЯ**

V жыйын

АНКАРА

2016 жылы 17 мамыр

**«МҮЧӨ ӨЛКӨЛӨРДҮН АРАСЫНДА КИБЕР КЫЛМЫШТУУЛУК
МЕНЕН КҮРӨШҮҮ,
УКУКТУК БАЗАНЫ ЖАНА КЫЗМАТТАШТЫКТЫ ӨНҮКТҮРҮҮ»**

Сунуштама

Парламенттик ассамблея;

Өз қызметі аясында қазіргі кезде ауқымы өсе түсіп отырған сын-тегеурін ретінде белгілі киберқауіптерге қатысты туындауы мүмкін проблемалармен күреске үлес қосуға әзірлігін білдіре отырып,

Өмірдің қай саласының болсын киберкеңістікке тәуелділігінің үнемі арта түсуіне байланысты елдер мен халықаралық ұйымдардың информациялық жүйелер жұмысының үзілуіне жол бермеу ниетімен, киберкеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, киберқылмыстарға жауап қатып, олармен күрес үшін арнайы стратегиялар пысықтап жатқанын ескере отырып,

Киберкеңістіктегі еркін ақпарат ағыны экономикалық және әлеуметтік дамуға, білім алу мен демократиялық басқаруға дем беретінін мойындай отырып,

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (ICTs) желілерінің киберкеңістікте шапшаң өсуі қылмыскерлер үшін қылмыс жасаудың жаңа мүмкіндіктерін жаратқанын атап өте отырып,

Компьютер желілері мен электронды информацияның қылмысты істер жасауға қолданылуы және де осындай қылмыстарға қатысты айғақтардың осы желілерде сақталып, таралуы қаупіне байланысты алаңдаушылық білдіре отырып,

Киберқылмыспен пәрменді күрес қылмыс мәселелері бойынша ірі, шапшаң әрі қауқарлы халықаралық әрекеттестікті қажет ететініне сене отырып,

Киберқылмыспен күресте мүше елдер арасында үйлестіру және ынтымақтасу жұмыстарының қажет екенін баса айта отырып,

Жеке өнеркәсіп секторындағы киберқылмыспен күрес бойынша мүше елдер арасында ынтымақтастықтың қажеттілігін, сондай-ақ, информациялық технологияларды дамытып, қолданудағы заңды мүдделерді қорғаудың қажеттілігін мойындай отырып,

Мүше елдер арасында қолданыстағы ұлттық және аймақтық заңнамалық шаралар аясында киберқауіпсіздік пен киберқылмыс туралы ортақ түсінік қажет екенін ерекше атай отырып,

Киберқылмыс бойынша түрлі эксперттік топтардың жұмысын және халықаралық ұйымдар аясында өтіп жатқан кездесулердегі бастамаларды құптай отырып,

Заңды күшіне енгізу мен бастапқы адам хақтарына деген құрмет арасында тиісті тепе-теңдікті сақтау қажеттігін түсіне отырып,

Орындалуы міндетті киберқылмыс инструменттерін пысықтаған халықаралық және аймақтық ұйымдардың жұмысын атай отырып,

- мүше елдер парламенттері мен үкіметтеріне келесілерді ұсынады:

- I. киберқылмысты ауыздықтап, оның жолын кесуді көздеген ұлттық және халықаралық заңнамалық негізді жетілдіру үшін аймақтық және халықаралық парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға ұлттық парламенттердің қолдауын *жұмылдыру*;
- II. қылмысты және террористік сипаттағы қауіптерге тойтарыс берілуіне *сен болу*, сондай-ақ, басқа елдердің дербестігіне құрмет және ішкі істеріне араласпау принциптерін қоса алғанда, халықаралық хұқыққа сай келуді *қамтамасыз ету*;
- III. қазіргі кездегі қажеттіліктерге сай болып, дерек пен информацияның барлық түрін қорғауды заңды түрде қамтамасыз ету үшін заңнаманың тұтастығын көздеген тиісті заңдар мен ережелерді қамтитын киберқауіпсіздікке қатысты заңнаманы *жетілдіру*;
- IV. Қажет болса, екіжақты және көпжақты келісімдерге қол қойып, оларды жүзеге асыру арқылы киберқауіпсіздікті өрістетудің пәрменді ұлттық және халықаралық әрекеттестігін жолға қою үшін барлық механизмдердің тиімді пайдаланылуын *қамтамасыз ету*;
- V. Киберқауіпсіздік саласында сот билігі мен хұқық қорғау агенттіктері арасындағы тікелей ынтымақтастықты *қолдау*;
- VI. қоғамның хабардарлығын арттыру үшін қазіргі қауіпсіздік механизмдерін барынша *пайдалану*;
- VII. хұқық қорғау агенттіктері, барлау агенттіктері және сот жүйесі арасындағы әрекеттестік пен үйлестіру жұмыстарын ұлғайтуға, сөйтіп осы органдарды кибершабуылдар және килігулермен күресте барлық керек-жарақпен қамдау ісіне *ынтымақтастық қою*;
- VIII. хұқық қорғау және сот органдарының киберқылмыс бойынша қызметкерлері үшін жаттығу курстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ, осы іс-шаралар барысында киберқылмыстың жеке адамдар мен қоғамдар үшін теріс салдарлары жайлы ақпарат таратуға *сен болу*;
- IX. кибертерроризм мен онымен байланысты киберқылмыстардың алдын алу және олармен күресуге қатысты ұлттық заңнама хақында, сондай-ақ, олардың орындалуы бойынша ақпарат алмасуды *жетілдіру*;
- X. киберқауіпсіздік және киберқылмыспен күрес бойынша заңнамаларды пысықтау аясында кәсіби эксперттерге қолдауды *өрістету*.

